

БЕКІТЕМІН

Балқаш қаласы білім бөлімінің  
«әл-Фараби атындағы жалпы білім  
беретін мектебі» КММ-нің  
директоры  С.Т. Сыздыкова  
«\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023 жыл



## АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖОСПАРЫ 1-4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

| №  | Тақырыбы   | Мазмұны  | Мерзімі | Жауаптылар  | Өнім                            |
|----|--|--|---------|---|---------------------------------|
| 1. | <b>Отбасы - бақыт бесігі</b><br><br>Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу        | <ol style="list-style-type: none"><li>1. Балалардың әл-ауқаты оның бақытты өмірінің негізі</li><li>2. Ата-ананың баланың әл-ауқатына жауапкершілігі</li><li>3. Кішкентай балалардың жас және әлеуметтік ерекшеліктері</li><li>4. Отбасында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру: ата-ананың балаға назар аударуы, қолдау, позитивті қарым-қатынас, өзара түсіністік, сенімге құрылған қарым-қатынас</li><li>5. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген отбасылық тәрбие әдістері</li></ol> | Қазан   | ДТДЖО<br>Психолог<br>1-4 сыныптың сынып жетекшілері   | Ақпар,<br>фото,сабақ<br>жоспары |
| 2. | <b>Білімдіге дүние жарық.</b><br><br>Таным қуанышы:<br>баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз? | <ol style="list-style-type: none"><li>1. Баланың жеке басын дамытудағы мектепке бейімделуінің маңызы</li><li>2. Баланың танымдық қабілеттерінің даму деңгейін және мектепке бейімделуін диагностикалау</li><li>3. Баланың есте сақтау қабілетін,</li></ol>   | Қараша  | С.А.Амандықова<br>Ж.Қ.Казыбаева<br>П.А.Арыстанбекова<br>Г.К. Буданова<br>ДТДЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагогтар | Ақпар,<br>фото,сабақ<br>жоспары |

|    |  |  |           |   |                                 |
|----|--|--|-----------|---|---------------------------------|
|    |  | зейінін, ойлауын және қарым-қатынас жасау дағдыларын ұлттық мәдениет негізінде дамыту әдістері<br>4. Үй тапсырмасы: көмектесеміз бе әлде...<br>5. Балалардың оқуға қызығушылығын арттыру үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеті   |           |   |                                 |
| 1. | <b>Әрбір бала – жарық жұлдыз</b><br><br><b>Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз?</b>    | 1. Баланың ерік-жігері мен мінезін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу<br>2. Баланың оқуына, мінез-құлқына және жасауына қарым-қатынас жасауына темпераменттің әсері. Баланың жақсысы-сүйініш, жаманы-күйініш.<br>3. Баланың даралығын темпераментіне сәйкес қалай ашуға болады?<br>4. Әр баланың бірегейлігін ашудағы отбасы мен мектептің өзара әрекеті. | Желтоқсан | С.Т.Ныгманова<br>А.А.Ашенбекова<br>Л.С.Малибекова<br>Г.Р.Сопыжанова<br>ДТІЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагогтар | Ақпар,<br>фото,сабақ<br>жоспары |
| 2. | <b>Баланы жастан... Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?</b> | 1. Ойындар – баланы дамытудың негізгі құралы.<br>2. Интеллектуалды ойындар және олардың бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны дамытуға әсері.<br>3. Балалар мен ата-аналарға арналған ұлттық және отбасылық интеллектуалдық ойындар.<br>4. Баланың тапқырлығы мен эрудициясын дамытуда отбасы мен мектептің өзара әрекеті.                               | Қаңтар    | А.А.Омарова<br>З.С. Абдильдина<br>Т.К. Сағадатова<br>А.А.Балтабай<br>ДТІЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог      | Ақпар,<br>фото,сабақ<br>жоспары |

|    |   |  |        |   |                            |
|----|---|--|--------|---|----------------------------|
| 3. | <p><b>Құмар ойындары – тәуелділік қақпаны</b></p> <p><b>Балалардың компьютерлік ойындарға тәуелділігін қалай жеңуге болады?</b></p> | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Компьютерлік ойындардың баланың психикасына әсері</li> <li>2. Интернетті пайдалану режимін сақтау</li> <li>3. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен. Баланы ойынға тәуелділіктен қалай қорғауға болады?</li> <li>4. Компьютерлік ойындарға балама ретінде: спорт, белсенді ойындар, шығармашылық, оқу, серуендеу, театр және т. б.</li> </ol>   | Ақпан  | <p>П.А.Арыстанбекова<br/>Б.М.Тлеукенова<br/>Г.Ж.Бимурзина<br/>А.Н.Жахметбекова<br/>ДТДЖО<br/>Психолог<br/>Әлеуметтік педагогтар<br/>Информатика пәнінің мұғалімдері</p> | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
| 4. | <p><b>Сенім арту - жетістік кепілі</b></p> <p><b>Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?</b></p>                                   | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бала өміріндегі қиындықтар</li> <li>2. Агрессия, өтірік айту, ашулану және басқа қиын жағдайлардағы баланың сезімі. Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі. Тұрпайы мінез, жат қылық – надандықтың белгісі.</li> <li>3. Қиын жағдайға қалған балаға түсіністікпен қарау</li> <li>4. Қиын жағдайға қалған баланы қолдаудың тиімді жолдары</li> <li>5. Жағдайды шешуде баланың күшті жақтарына сүйену</li> </ol> | Наурыз | <p>С.К.Абильдинова<br/>М.Б.Абикенова<br/>А.С.Ноғайбекова<br/>А.Е.Калкаман<br/>ДТДЖО<br/>Психолог<br/>Әлеуметтік педагогтар</p>  | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
| 5. | <p><b>Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер</b></p> <p><b>Балаға үлгі көрсету</b></p>  | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Отбасында уақытты бірге өткізудің пайдасы.</li> <li>2. Ата-ананың күнделікті өмірде үлгі болатын маңызды қасиеттері.</li> <li>3. Балаға жақсы әдеттерді үйрету.</li> <li>4. Уәдесін орындау – ата-ананың ең басты қағидасы.</li> <li>5. Балапан ұядан не көрсе, ұшқанда соны іледі.</li> </ol>   | Сәуір  | <p>Г.Н.Махашова<br/>М. Садикова<br/>А.Е.Еркебуланова<br/>Э.Ж.Ахметова<br/>ДТДЖО<br/>Психолог<br/>Әлеуметтік педагог<br/>Аналар мектебі<br/>Әкелер мектебі</p>           | Ақпар, фото, сабақ жоспары |

|    |   |  |       |  |                            |
|----|---|--|-------|--|----------------------------|
| 6. | <p><b>Тәлімменен өрілген біздің дәстүр</b></p> <p><b>Дәстүрлер отбасылық әл аумақтың негізі ретінде</b></p> | <p>1. Отбасылық дәстүрлердің өзектілігі. Отбасылық дәстүрлер – отбасындағы қарым-қатынасты нығайтудың, сенімнің, сүйіспеншіліктің көрінісі</p> <p>2. Тәрбие тәлімнен. Тату үйдің тамағы тәтті. Отбасылық дәстүрлер мен хоббиердің отбасының бірлігіне ықпалы</p> <p>3. Отбасылық дәстүрлерді әдетке айналдыру жолдарын үйрету: практикалық әдістер</p> <p>4. Мектеп пен ата-аналардың отбасылық дәстүрлерді сақтаудағы өзара байланысы, өзара құрмет және жаңа дәстүрлер қалыптастыру</p> <p>5. Ұлттық дәстүрлер мен отбасылық дәстүрлердің сабақтастығы</p> | Мамыр | <p>ДТДЖО</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>Аналар мектебі</p> <p>Әкелер мектебі</p> <p>Сынып жетекшілер</p> | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
|----|---|--|-------|--|----------------------------|

**5-9 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

|    |   |  |       |  |                            |
|----|---|--|-------|--|----------------------------|
| 1. | <p><b>Баланың бас ұстазы – ата-ана</b></p> <p><b>Позитивті тәрбие</b></p> | <p>1. Жасөспірімдердің жас және әлеуметтік ерекшеліктері</p> <p>2. Ата-ананың бала тәрбиелеудегі міндеті – қателіктерді, кемшіліктерді, ауытқуларды түзету емес, жасөспірімге оң әсер ету</p> <p>3. Позитивті ата-ананың ерекшеліктері: жағымсыз көңіл-күйден жағымды эмоциялардың басым болуы; жасөспірімнің бойындағы ізгі қасиеттерге назар</p> | Қазан | <p>ДТДЖО</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>Аналар мектебі</p> <p>Әкелер мектебі</p> | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
|----|---|--|-------|--|----------------------------|

|    |   |  |           |  |                           |
|----|---|--|-----------|--|---------------------------|
|    |   | <p>аудару, күшті және жағымды мінез-құлық қасиеттерін дамыту</p> <p>4. Позитивті тәрбиенің принциптері мен ережелері. Позитивті тәрбиенің ұлттық бастаулары</p> <p>5. Ата-ананың позитивті тәрбие нәтижесіне қанағаттануы және психологиялық саулық</p>  |           |  |                           |
| 2. | <p><b>Ақыл айтпа, жол көрсет</b></p> <p><b>Жасөспірімнің бейімделуі</b></p>                   | <p>1. Жасөспірімнің физиологиялық (тұрғыда) бейімделуі, оның іс-әрекетін жақсарту жағдайлары. Ұлттық тамақтану мәдениеті - жасөспірімнің физиологиялық бейімделуінің мүмкіндігі</p> <p>2. Жасөспірімнің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі: негізгі қиындықтар</p> <p>3. Өзіңді өзің сыйламасан, өзгеден сый дәметпе. Бейімделу процесіне жасөспірімнің өзін-өзі бағалауының әсері</p> <p>4. Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту</p> <p>5. Жасөспірімнің табысты әлеуметтенуіндегі отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі</p> | Қараша    | <p>А.Ж. Калыкова</p> <p>С.С. Шакеев</p> <p>Ж.С.Өнербекова</p> <p>Г.К.Максұтова</p> <p>К.М.Жумажанова</p> <p>ДТЖО</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>Аналар мектебі</p> <p>Әкелер мектебі</p> | Ақпар, фото,сабақ жоспары |
| 3. | <p><b>Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер</b></p> <p><b>Бала жүрегіне жол табу</b></p> | <p>1. Мүшел жас. Жасөспірімнің жастық дағдарыстары, олардың көріністерінен шығу жолдары</p> <p>2. Ата-аналар мен балалардың ортақ мүдделері – олардың өзара түсіністігінің негізі</p> <p>3. Жасөспіріммен қалай қарым-қатынас жасау керек, конструктивті келіссөздер</p>   | Желтоқсан | <p>Ж.Съезбек М.Ж.Смаханова</p> <p>А.М.Тойындыкова</p> <p>Р.О.Калибекова</p> <p>А.Б.Скакова</p> <p>Психолог</p> <p>ДТЖО</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>Аналар мектебі</p> <p>Әкелер мектебі</p>           | Ақпар, фото,сабақ жоспары |

|    |  |  |        |   |                            |
|----|--|--|--------|---|----------------------------|
|    |  | <p>4. Бір күндік ұрыстын қырық күндік қырсығы бар. Жанжал және оларды шешу жолдары</p> <p>5. Ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты сақтаудың шарты - кешіре білу</p>   |        |   |                            |
| 4. | <p><b>Бұлақ көрсең, көзін аш.</b></p> <p><b>Баланың шығармашылық қабілетін дамыту</b></p>      | <p>1. Отбасы жағдайында жасөспірімнің шығармашылық ойлауын дамыту әдістері</p> <p>2. Ертегі ойлап табуға үйрету</p> <p>3. Қазіргі отбасында балалар шығармашылығын дамытудағы ұлттық ойындардың маңызы</p> <p>4. Балалармен жүргізілетін шығармашылық әрекеттің тиімділігін арттыру</p> <p>5. Шығармашыл тұлғаны дамыту үшін отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі</p>  | Қаңтар | <p>А.М.Серікжан<br/>Б.Е.Боцанова<br/>Г.С.Мухамедиева<br/>А.Г.Мылғалшерова<br/>А.Р.Орынбаев<br/>ДТЖО<br/>Психолог<br/>Әлеуметтік педагог</p>                                     | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
| 5. | <p><b>Ақпараттан ақ-қараны ажырату өнері.</b></p> <p><b>Жасөспірімнің желідегі әрекеті</b></p> | <p>1. Интернет және жасөспірімнің желідегі әрекетінің формалары</p> <p>2. Жеткіншектердің интернетті пайдалануы: проблемалар, салдары және мүмкіндіктері</p> <p>3. Ата-ананың жасөспірімді кибербуллингтен және интернет кеңістігіндегі қауіпті көздерден қорғау алгоритмі</p> <p>4. «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дер...» Желідегі жасөспірімнің мінез-құлқына тәрбиенің әсері</p> <p>5. Жасөспірімнің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мектеп пен ата-ананың өзара әрекеті</p> | Ақпан  | <p>Г.А.Сафарғалиева<br/>М.М.Еділбаева<br/>А.Ж.Серикова<br/>А.К.Дильмағанбетова<br/>К.С.Махмет<br/>ДТЖО<br/>Психолог<br/>Әлеуметтік педагог<br/>Информатика пәнінің мұғалімі</p> | Ақпар, фото, сабақ жоспары |

|    |   |   |        |   |                            |
|----|---|---|--------|---|----------------------------|
| 6. | <p><b>«Әр нәрсенің өлшемі бар...»</b></p> <p><b>«Қажеттілік» пен «қалау» арасындағы тепе-теңдікті қалай сақтауға болады</b></p> | <p>1. Жасөспірімнің қажеттіліктері мен қалаулары</p> <p>2. Жасөспірім бойындағы қиын мінез-құлықтың белгілері</p> <p>3. Жағымсыз эмоциялармен жұмыс істеу алгоритмі</p> <p>4. Ашу - дұшпан, ақыл - дос. Өзін-өзі реттеу жолдары</p> <p>5. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу</p>   | Наурыз | <p>Э.З.Серикова<br/>         Ә.Ж.Кенбай<br/>         Н. Ғаниолла<br/>         А.М.Булендинова<br/>         Т.С.Мәден<br/>         ДТІЖО<br/>         Психолог<br/>         Әлеуметтік педагог</p>   | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
| 7. | <p><b>Жасөспірімдермен қарым-қатынас құпиялары</b></p> <p><b>Жасөспірім мінезінің ерекшеліктері</b></p>                         | <p>1. Жасөспірімнің өміріндегі ең маңызды нәрсе – достық</p> <p>2. Қазіргі балалардың достығы. Жасөспірім субмәдениеттері</p> <p>3. Жасөспірімдер арасындағы қақтығыстар. Қорқыту. Әдепсіз өскен адамнан, тәртіппен өскен тал жақсы</p> <p>4. Ата-аналардың мінез-құлық стратегиялары</p> <p>5. «Қабылдау», «құрметтеу», «шынайылық» сияқты ұлттық құндылықтар – адамдар арасындағы жағымды қарым-қатынастың негізі</p> | Сәуір  | <p>Г.Ж.Смайлова<br/>         А.Т.Серикбаева<br/>         А.М.Саденова<br/>         Ж.К.Кусаинова<br/>         Н.С.Балкеева<br/>         ДТІЖО<br/>         Психолог<br/>         Әлеуметтік педагог<br/>         Аналар мектебі<br/>         Әкелер мектебі</p> | Ақпар, фото, сабақ жоспары |
| 8. | <p><b>Отбасы құндылығы - сарқылмас қазына</b></p> <p><b>Құндылықтар - отбасы бақытының негізі</b></p>                           | <p>1. Отбасылық құндылықтарды қолданудың өзектілігі</p> <p>2. «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес»: Қонақжайлылық - отбасы құндылықтарының негізі</p> <p>3. «Мейірімді ата - Мейірімді бала». Ұлттық құндылықтарды отбасында қалыптастыру және сақтау жолдары.</p> <p>4. Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиеті - отбасының құндылығы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе</p>   | Мамыр  | <p>ДТІЖО<br/>         Психолог<br/>         Әлеуметтік педагог<br/>         Аналар мектебі<br/>         Әкелер мектебі</p>  | Ақпар, фото, сабақ жоспары |

|  |  |   |        |   |   |
|--|--|---|--------|---|---|
|  |  | <p>жатқан дәстүрлерді талқылау және қолдану</p> <p>5. Жасөспірімдер арасында ұлттық құндылықтарды сақтауда мектеп пен ата-ананың өзара әрекетінің маңызы</p>  |        |   |   |
| <b>10-11 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b> |  |   |        |   |   |
| 1.   | <p><b>Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...</b></p> <p><b>Адамгершілік құндылықтар негізінде тәрбиелеу - тұлға қалыптасуының негізі</b></p> | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоғарғы сынып оқушыларының жас және әлеуметтік ерекшеліктері</li> <li>2. Позитивті ата-ана тәрбиесі – жоғары сынып оқушысының өз болашағын өз бетінше құруға қалауы мен қабілетін қолдау</li> <li>3. Тұлға дамуының негізі – өз бетінше әрекет ету</li> <li>4. Ұлттық этика негізінде заман талабына сай өзін-өзі тәрбиелеу әдістері</li> </ol>   | Қазан  | <p>ДТІЖО</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p>                      | <p>Ақпар,</p> <p>фото,сабақ жоспары</p> |
| 2.   | <p><b>Көркем мінез – баға жетпес байлық</b></p> <p><b>Эмоционалды интеллект – табысты тұлғаның негізі</b></p>  | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Эмоционалды интеллект және оның адам өміріне әсері</li> <li>2. Эмоционалды интеллекттің құрылымдық компоненттері: өзін-өзі тану, өзін-өзі реттеу, эмпатия, қарым-қатынас жасау, (шешім қабылдау)</li> <li>3. Күйзеліс кезіндегі мінез-құлық алгоритмдері мен тиімді тәсілдер</li> <li>4. Өсіп келе жатқан балалармен қарым-қатынас мәдениеті</li> <li>5. Сезім көрінісіндегі ұлттық ерекшеліктер</li> </ol> | Қараша | <p>А.С.Халабаева</p> <p>ДТІЖО</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> | <p>Ақпар,</p> <p>фото,сабақ жоспары</p> |



|    |   |  |           |  |                              |
|----|---|--|-----------|--|------------------------------|
| 3. | <p><b>Сен жанбасаң лапылдап...</b></p> <p><b>Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?</b></p>                       | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Кәсіп - өзін-өзі жүзеге асырудың негізі</li> <li>2. Темперамент, қабілет, мінездің ерекшеліктерін ашу – өзін көрсетудің кілті</li> <li>3. <i>Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады.</i> Балаңызға мамандық пен кәсіп түрлерін таңдауда қалай көмектесуге болады</li> <li>4. Жоғары сынып оқушысының болашағын анықтауына кедергі болатын қиындықтар</li> <li>5. Бойындағы бейімділікті дәл табу - өмірдегі бақыт пен табыстың негізі</li> </ol> | Желтоқсан | <p><b>Б.К.Дуамбекова</b><br/> ДТЖО<br/> Психолог<br/> Әлеуметтік педагог<br/> Кәсіби бағдар беруші<br/> мұғалім Толетаева М.К.</p> | Ақпар,<br>фото,сабақ жоспары |
| 4. | <p><b>Құмарлыққа бой алдыру – тәуелділік құрдымы</b></p> <p><b>Жоғары сынып оқушыларының дамуындағы тәуекел аймақтары</b></p> | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәуелділік түрлері (тамақ, алкоголь, есірткі, химиялық заттар, вейп, құмар ойындар және т.б.)</li> <li>2. Оқушы бойындағы тәуелділіктің белгілері</li> <li>3. <i>Сынықтан өзгенің бәрі жұғады.</i> Тәуелділіктің алдын алу шаралары</li> <li>4. Тәуелділіктің алдын алуда отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуі</li> </ol>  | Қаңтар    | <p><b>М.Мухаметжарова</b><br/> ДТЖО<br/> Психолог<br/> Әлеуметтік педагог<br/> Нарколог дәрігер</p>                                | Ақпар,<br>фото,сабақ жоспары |
| 5. | <p><b>Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...</b></p> <p><b>Әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып</b></p>         | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жоғарғы сынып оқушыларының интернет қауіпсіздігі</li> <li>2. Жоғарғы сынып оқушыларының ойынға тәуелділігін диагностикалау</li> </ol>  | Ақпан     | <p><b>М.М.Жумабекова</b><br/> ДТЖО<br/> Психолог<br/> Әлеуметтік педагог<br/> Информатика пәнінің мұғалімі</p>                     | Ақпар,<br>фото,сабақ жоспары |

|    |   |   |        |  |                                 |
|----|---|---|--------|--|---------------------------------|
|    | <b>оқушыларының қауіпсіздігі</b>  | <ol style="list-style-type: none"> <li>3. Жоғарғы сынып оқушыларының әлеуметтік желілер мен интернетке тәуелді мінез-құлқы</li> <li>4. Интернетке тәуелділіктің алдын алу шаралары</li> <li>5. Әлеуметтік желілер мен интернет кеңістігіне тәуелділіктің алдын алу бойынша отбасы мен мектептің өзара әрекеті</li> </ol>  |        |  |                                 |
| 6. | <b>Күйзелістен шығар жол</b><br><b>Күйзелісті жеңуге көмектесеміз</b>       | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. <i>Көңіл жақсы болғаны – өмір жақсы болғаны.</i> Сіздің ресурстық жағдайыңызды қалай қолдауға болады. Стрестен арылу әдістері</li> <li>2. Эмоцияны бақылау – стрестен, күйзелістен шығудың жолы</li> <li>3. Агрессия, депрессия, суицидтік мінез-құлық және стрестің басқа да экстремалды көріністері</li> <li>4. Қателесу - тәжірибе жинауға мүмкіндік береді</li> <li>5. Баланың күйзеліске төзімділігін қамтамасыз етудегі мектеп пен отбасының өзара әрекеті</li> </ol> | Наурыз | Дің орталығының маманы<br>ДТЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог | Ақпар,<br>фото,сабақ<br>жоспары |
| 7. | <b>Сүйіспеншілік – сыйластық кілті</b><br><b>Махаббат татулықтың негізі</b> | <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Махаббат - отбасындағы эмоционалды тепе-теңдіктің негізі.</li> <li>2. «<i>Айналайын</i>» ұғымы, отбасында балаға жан-жақты қолдау көрсету</li> <li>3. Эмоцияны білдірудегі шынайылық. Эмоционалды манипуляция.</li> </ol>   | Сәуір  | ДТЖО<br>Психолог<br>Әлеуметтік педагог                           | Ақпар,<br>фото,сабақ<br>жоспары |

|    |   |   |       |  |                            |
|----|---|---|-------|--|----------------------------|
|    |   | 4. Жоғары сынып оқушысымен «арнайы» тақырыптарда қалай сөйлесуге болады   |       |  |                            |
| 8. | <p><b>Атадан өсиет, анадан қасиет</b></p> <p><b>Ұрпақтан ұрпаққа берілетін отбасылық дәстүрлер мен құндылықтары</b></p> | <p>1. Халық дәстүрі мен отбасы дәстүрінің байланысы. Ұрпақтар сабақтастығы алдыңғы ұрпақтан жастарға білім, құндылықтар, көзқарастар мен дәстүрлердің берілуі</p> <p>2. <i>Ананың ізін қыз басар, атаның ізін ұл басар.</i> Әке мен ананың отбасындағы рөлі</p> <p>3. Отбасы тәрбиесінде міндетті түрде ескерілетін мәселе - қазіргі балалардың даму ерекшеліктері</p> <p>4. Қазіргі құбылмалы қоғамда отбасылық дәстүрлерді сақтау</p> | Мамыр | <p>ДТІЖО</p> <p>Психолог</p> <p>Әлеуметтік педагог</p> <p>Аналар мектебі</p> <p>Әкелер мектебі</p> | Ақпар, фото, сабақ жоспары |